

JEL classification: M4: Accounting and Auditing. M41: Accounting

M. A. Altynbekov,

PhD, Senior Lecturer,

Kazakh University of Economic, Finance and International Trade,
Astana, The Republic of Kazakhstan

M. K. Aliyev,

Doctor of Economics, Professor,

Kazakh University of Economics, Finance and International Trade,
Astana, The Republic of Kazakhstan

U. B. Yussupov,

PhD, Senior Lecturer,

Kazakh University of Economic, Finance and International Trade,
Astana, The Republic of Kazakhstan

G. S. Tussibayeva,

PhD, Senior Lecturer,

Kazakh University of Economic, Finance and International Trade,
Astana, The Republic of Kazakhstan

PROBLEMS OF ENTERPRISES IN THE STATE FINANCIAL CONTROL AND ITS SOLUTIONS

Abstract

Purpose – legitimate consideration of the actual differences and classification of the functions and powers of public financial control at the external and internal levels, enhancing the control activities, administrative burdens and developing their activities.

Methodology – the article uses statistical, graphic and analytical methods.

Originality/value – substantiation of priorities and recommendations for further development of the state financial control process.

Findings – trends in development, factors and effectiveness of state financial control services, as well as ways of developing innovative services identified.

Key words – state financial control, public audit, public sector financial reporting standards, International Standards of Auditing.

МРНТИ 06.35.31

М. А. Алтынбеков,

PhD, аға оқытушы,

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

М. Қ.Әлиев,

Экономика ғылымның доктор, профессоры,

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Ұ. Б. Юсупов,

PhD, аға оқытушы,

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Г. С. Түсібаева,

PhD, аға оқытушы,

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

КӘСІПОРЫНДАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Зерттеу мақсаты – мемлекеттік қаржылық бақылауды сыртқы және ішкі деңгейлерде бірдей функциялар мен өкілеттіктерді нақты айырмашылықтарын және жіктелуін заңдық тұрғыда қарастырып, бақылау қызметінің іс-әрекеттерін іс әрекетін дамыту.

Әдістемесі – мақалада статистикалық, графикалық және талдау әдістері қолданылған.

Зерттеудің құндылығы – мемлекеттік қаржылық бақылау үрдісінің болашақта дамыту бойынша басымды бағыттарын негіздеу және ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің нәтижесі – мемлекеттік қаржылық бақылау қызметтерінің даму тенденциясы, факторлары мен тиімділігін арттыру бағыттары, сондай-ақ инновациялық қызметтерін дамыту жолдары анықталды.

Негізгі сөздер – мемлекеттік қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит, мемлекеттік сектордағы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары

Kіріспе. Бірыңғай саясаттың жоқтығынан мемлекеттің активтері мен мемлекеттік қорларды басқару бойынша қызметті тиімді ұйымдастыру мен қаржылық тәртіп деңгейін жоғарылатуға мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін ұйымдастыру елімізде байқалмайды.

Мемлекеттік қаржылық бақылау мекемелерінің жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық базадағы бар мәселелер сияқты, оның ұйымдастырушылық құрылымында мемлекеттік қаржылық бақылау мүмкіндіктерін жүйеде тиімсіз пайдалануға алып келетін және тиісті мекемелерге тапсырылған тапсырмаларды төмен орындауға алып келеді.

Сонымен қатар бақылаушыларды теориялық және тәжірибелік кәсіби дайындау деңгейінің жетіспеушілігі Халықаралық аудит стандартына және қоғамдық сектордағы Халықаралық қаржылық есептілік стандартына өту кезеңінде тиісті мекемелердің тиімді қызметіне әсер ететін мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің негізгі мәселелері болып табылады

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі мекемелерінің негізгі мақсаты, Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамасымен бақылау объектілеріндегі қателіктер мен кемшіліктерді жібер-

меу болып табылады. Бақылау заты болып бюджеттік қорлар мен мемлекеттің басқа да активтері табылады [1].

Негізгі бөлім. Республикада мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі жалпы 2 037 адам санында органдардың екі деңгейімен көрсетілген:

– сыртқы бақылау, Есеп комитетімен жүзеге асырылатыны – 141 адам (7% жалпы саннан) және резервтік комиссия - 654 адам (32%);

– ішкі бақылау, қаржылық бақылау комитетімен жүргізілетін (ҚБК) - 816 адам (40%), СВК орталық орындаушылық мекемелер – 176 адам (9%) және жергілікті орындаушылық мекемелер 250 адам (12%) [2].

Мемлекеттік қаржылық бақылау мекемелерінің құзырлығын функционалды талдау жүргізудің қорытындысы бойынша мемлекеттік қаржылық бақылаудың «сыртқы» және «ішкі» түсініктерінің әртүрлілігі себебі бойынша оның функциясына қатысы жоқ жылдық көшірмесі бекітілді. Есеп комитеті мен ҚБК арасындағы құзырлы көшірме келесі бағытта 1 кестеде көрініс тапқан.

Кесте 1 – Есеп комитеті мен ҚБК арасындағы құзырлы көшірме талдауы

Функционалды бағыт	Есеп комитеті	ҚБК(республикалық деңгейде)	Көшірме сипаттамасы
1. Бюджеттің табыс бөлігі:	Республикалық бюджетке уақтылы және толық түсуін бақылау (под. 9) б. 141 БК)	Республикалық бюджетке салықтық емес түсімдерді толық және өз уақытында енгізуге қатысты сұрақтар бойынша бақылауды объектілердің қызметтерне арналған бақылау (под. 5) ст. 143 БК)	Салықтық емес түсімдер бөлігі
2. Бюджеттің шығын бөлігі:	Республикалық бюджет қорларын пайдалану сәйкестігіне бақылау, соның ішінде мемлекеттік гранттармен байланысты мақсаттағы трансферттер мен несиелер, мемлекеттік және мемлекетпен кепілденген заимдар, концессиялық жобаларды қайта қаржыландыру, сонымен қатар ҚР заңнамасымен мемлекеттің активтері мен кепілдігі. (под. 5) ст. 141 БК)	Қазақстан Республикасының заңнамасындағы республикалық бюджет қорларын пайдалануды сәйкестігіне (под. 1) ст. 143 БК)	100%
	Мемлекеттік активтерді және республикалық бюджетті пайдалану барысында Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР заңнамасын сақтауды бақылау (под. 11) ст. 141 БК)	Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР заңнамасын сақтауды бақылау (под. 3) ст. 143 БК)	100%
3. Мемлекеттің активі:	Қаржылық экономикалық негіздемеге сәйкестігіне квазимемлекеттік сектордағы субъектілермен бюджеттік қорларды пайдалануын бақылау (под. 24) ст. 141 БК)	Қаржылық экономикалық негіздемеге сәйкестігіне квазимемлекеттік сектордағы субъектілермен бюджеттік қорларды пайдалануын бақылау (под. 6-1) ст. 143 БК)	100%
4. Бюджеттің орындалуын бағалау (бағдарламалық құжаттар) және экономикаға квазисектор субъектілерінің және мемлекеттік мекемелердің әсерін талдау.	Өзінің қызметінің бағыты бойынша бақылау тиімділігі (под. 2) ст. 141 БК) мемлекетті және бюджеттік бағдарламаларды, орталық мемлекеттік мекемелердің стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруды бағалау (под. 4) ст. 141 БК)	Өзінің қызметінің бағыты бойынша бақылау тиімділігі (под. 2-1) ст. 143 БК)	100%
5. Қаржылық есеп (есептілік)	Есеп пен есептілікті бақылау объектілерімен дұрыс және дәлелді жүргізуіне бақылау (под. 3) ст. 141 БК)	Есеп пен есептілікті бақылау объектілерімен дұрыс және дәлелді жүргізуіне бақылау (под. 2) ст. 143 БК)	100%

Кестенің жалғасы

6. МҚБ стандарттарын сақтау	Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын сақтауды бақылау (под. 19) ст. 141 БК)	Қызметтік ішкі бақылаумен мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын сақтауды бақылау (под. 12) ст. 143 БК)	Ішкі бақылау қызметі бөлігі
7. Қайта дайындау және біліктілікті көтеру	Мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлерінің біліктілігін көтеруін және қайта дайындауын ұйымдастыру (под. 23-2) ст. 141 БК)	Қызметтік ішкі бақылаудағы қызметкерлердің біліктілігін көтеруін және қайта дайындауын ұйымдастыру (под. 13) ст. 143 БК)	Ішкі бақылау қызмет бөлігі
Ескерту – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған			

Ревизиялық комиссия мен ҚБК арасындағы құзырлы көшірме келесі бағытта көрініс тауып, 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Ревизиялық комиссия мен ҚБК арасындағы құзырлы көшірме талдауы

Функциональды бағдар	Ревизиялық комиссия	КФК (жергілікті деңгейде)	Көшірме сипаттамасы
1. Бюджеттің табыс бөлігі:	Жергілікті бюджетке уақытында және толық түсуін қамтамасыз етуді бақылау, сонымен қатар қайтарудың дұрыстығын және жергілікті бюджетке түскен артық төленген соманы қайтару (кате) (под. 9) ст. 142 БК)	Жергілікті бюджетке салықтық емес түсімдерді толық және уақытында енгізуге қатысты мәселелер бойынша бақылауды, объектілердің қызметтеріне бақылау (под. 5) ст. 143 БК)	Салықтық емес түсімдер бөлігінде
2. Бюджеттің шығын бөлігі:	Жергілікті бюджет қорын пайдалану сәйкестігіне бақылау, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттің активтерін, жергілікті орындаушы органдардың займдары, гранттарымен байланысты бюджеттік несиелер мен мақсатты трансферттер түріндегі жоғарғы тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінгені (под. 5) ст. 142 БК)	Қазақстан Республикасының заңнамасымен республикалық және бюджеттік қорларды пайдаланудың сәйкестігі (под. 1) ст. 143 БК)	100%
	Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды бақылау (под. 19) ст. 142 БК)	Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды бақылау (под. 3) ст. 143 БК)	100%
3. Бюджеттің орындалуын бағалау (бағдарламалық құжаттар) және экономикаға квазисектор субъектілерінің және мемлекеттік мекемелердің әсерін талдау	Өзінің қызметінің бағыты бойынша бақылау тиімділігі (под. 2) ст. 141 БК) мемлекетті жәе бюджеттік бағдарламаларды, орталық мемлекеттік мекемелердің стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруды бағалау (под. 4) ст. 141 БК)	Өзінің қызметінің бағыты бойынша бақылау тиімділігі (под. 2-1) ст. 143 БК)	100%
4. Қаржылық есеп (есептілік)	Есеп пен есептілікті бақылау объектілерімен дұрыс және дәлелді жүргізуіне бақылау (под. 3) ст. 142 БК)	Есеп пен есептілікті бақылау объектілерімен дұрыс және дәлелді жүргізуіне бақылау (под. 2) ст. 143 БК)	100%
Ескерту – автормен [1] дереккөз негізінде құрастырылған			

ҚБК жағынан қамтылмаған бақылау квазисектор субъектісінің активтері, мемлекеттік төтенше бюджетінің қорлары, салықтық түсімдер, Ұлттық банктің активтері болып табылады, соның ішінде Ұлттық қордың қорлары.

Осыған байланысты ҚБК негізгі қызметі 77% дейін шоттық комитеттің жұмысының көшірмесін ал 87,5% ревизиялық комиссияның жұмысына бағытталады [3].

Мемлекеттік қаржы мекемелерімен 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексімен сәйкес бақылаудың сол түрлерін жүзеге асырады.

Осы жағдайда мемлекеттік қаржылық бақылаудың сыртқы мекемелерінің бақылаушылық іс шараларымен 2011 жылы мемлекеттік бюджеттің 3 564 400 млн. теңгесін немесе 40,7% қамтыса, 2012 жылы 3 839 449 млн. теңгені немесе 41,4% қамтыған. Тек 2012 қаржылық жылы Астана қаласының құрылыс Басқармасы 300 күннен аса жалпылама бақылаушылық іс шаралардың ұзақтығымен 22 рет қаржылық бақылауға ілінді, соның ішінде Есеп комитетімен бір рет, ҚБК – он сегіз рет, Астана қаласы бойынша Ревизиялық комиссиясымен – үш рет. Осыған ұқсас Шығыс Қазақстан облысының құрылыс Басқармасы - 199 күн ұзақтығымен 15 рет, соның ішінде Есеп комитетімен – төрт рет, ҚБК – тоғыз рет, Ревизиялық комиссия – екі рет [4].

Тексеріс санының көбеюі қаржылық тәртіпті бектіуге әрқашанда әсерін тигізе бермейді, көріп отырғанымыздай 2012 жылы 11 рет мемлекеттік қаржылық бақылауға ұшыраған Атырау облысының құрылыс Басқармасының бақылау қорытындысы дәлелдейді. Осыған қарамастан 2012 жылдың соңында жүргізілген Есеп комитетінің сыртқы бақылауымен 4,4 млрд теңге сомаға бұзушылық анықталды [5].

Әлемдік тәжірибеде мемлекетте ішкі және сыртқы аудиттің түрлі құрауыштары ең жоғары мүмкін дәрежеде: жеке тәуелді емес, бірақ осыған ұқсас (бірыңғай) стандарттар бойынша жұмыс істейтін және қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істеуі тиіс деп танылады. Кәсібиліктің жоғары дәрежесін және ішкі аудит қызметі жүргізген тексерудің жоғары сапасын анықтаған жағдайда, ҚБЖО ішкі аудит қызметінің жұмысына сүйене отырып, аудиторлық тексеру көлемін қысқартуы мүмкін [6].

МҚБ жүйесі қызметінің аясындағы халықаралық тәжірибеді (Ұлыбритания, Латвия, Қырғызстан мысалында), ішкі бақылау (аудит) қызметі құрылған нақтылы мемлекеттік ұйым шеңберінде ішкі МҚБ мекеменің қызметіне топтастыру туралы дәлелдейді.

Ішкі аудит (бақылау) қызметтерінің күш-әлеуеті жеткілікті түсінілмейді және пайдаланылмайды, ҚБК олардың қызметін үйлестірмейді. Бұдан басқа, ішкі аудит қызметтері барлық мемлекеттік органдарда құрылған жоқ, ал құрылғандары дербес қызмет түрінде, сонымен бірге белгілі құрылымдық бөлімшенің құрамында, ал жекелеген жағдайларда бірыңғай ішкі бақылау және аудит қызметі түрінде өз қызметін атқарады [7].

ҚБК жүргізетін барлық бақылау шараларының үштен бір бөлігі құқық қорғау органдарының сұрау салулары мен қаулылары бойынша жүргізілетін тексерулерге келеді. Нәтижесінде бір объекті қаржылық бақылаудың барлық органдарымен тексеруге алынады, ал кейбіреуі - мүлде тексерілмейді.

Бүгінгі күні өзектілердің бірі болып мемлекеттік аудитті енгізудегі тұжырымдамалық бағдар мен мемлекеттік қаржылық бақылауды нақтылы жүйедегі реформалау процесінің басталғаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Стратегия «Қазақстан-2050» жолдауында: мемлекет құрамындағы жаңа саяси курста аталып кеткендей: «Бізге әлем тәжірибесіндегі ең алғашқылар негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру керек» [8].

Осы аталған жолдауға сәйкес ҚР Үкіметінің Қаулысымен 2013 жылдың 18 маусымында № 609 «Қазақстан Республикасына мемлекеттік аудит тұжырымдамасын енгізу» өңделіп бекітілді. Тұжырымдама мемлекеттік аудитті ендіруде оның функционалдық бағытын ары қарай жетілдірумен және мемлекеттік қаржылық бақылауды кезеңмен реформалаудың негізгі бағыттары мен көрінісін анықтайды [9].

Қазақстандық қоғамның дамуы және мемлекетті аппараттың алдында жаңа форматтағы міндеттеменің туындауы мемлекеттік басқарудың күшті жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып экономикасы дамыған елдегі тәуелсіз басқарудың негізгі формасы аудиторлық болып табылады. Мемлекеттік қаржылық басқару жүйесіне баға беретін және оның ары қарайғы тиімді дамуы бойынша бағытын анықтайтын осындай институт әрқашанда қажет. Халықаралық тәжірибеде мұндай рөлді мемлекеттік аудит орындайды.

Бүгінгі күнге оңтайлы болып Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашада № 392-V бұйрығымен қабылданған «Мемлекеттік аудит және қаржылық аудит туралы» Заңы табылады.

Қазақстан үшін Мемлекеттік аудит олардың қызметтеріндегі барлық бағыттарда тәуекелділікті басқару бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар негізінде ұсыныс берілуімен және қаржылық мәселелерді, аудит объектілерінің қызметтерінің тиімділігін толық және тәуелсіз бағалау ретінде көрінеді.

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың тиімді жүйесі мемлекет Басшысын, Парламент, Қазақстан Республикасының Үкіметін және қоғамды тиімділік пен үнемділік, заңдылық қағидасымен сәйкес бөлінген бюджет қорлары мен мемлекеттік активті пайдалану туралы дәлелді және объективті ақпаратпен қамтамасыз ету керек [10].

Қазақстан Республикасына мемлекеттік аудит енгізу жоғарыда көрсетілген тұжырымдамаға сәйкес кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең: 2013-2014 жылдары – мемлекеттік аудиттің халықаралық стандартымен және Лимидік декларация басқару қағидаларымен сәйкес келетін мемлекеттік аудиттің заңнамалық және әдістемелік базасы құрылды; мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау мекемелерінің өкілеттілігін анықтау [11].

Екінші кезең: 2015-2017 жылдары – мемлекеттік аудит жүйесінің қалыптасуы.

Осы кезеңде жоспарланады: ішкі аудит бойынша уәкілетті мекеме құрылады;

– «электронды үкімет» жүйесімен және басқа да мемлекеттік мекемелердің ақпараттық базаларымен мемлекеттік аудит мекемелерінің жүйесін бірыңғай ақпараттық біріктіру;

– мемлекеттік аудиторларға сертификация жүйесін енгізу.

2018 жылдан бастап мемлекеттік аудиттің барлық мекемелері мемлекеттік аудиттің стандарттарына сәйкес қызметтерін жүзеге асырады. Мемлекеттік аудит толыққұнды және мемлекеттік институтпен және қоғамдық болуы керек.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі қателіктер мен кемшіліктерді анықтауға және шара қолдануға бағытталады, ал мемлекеттік аудит аудит объектісінің қызметінің тиімділігін көтеруге және жетілдіруге бағытталған басқаруды бағалау сапасын бекітеді [12].

Мемлекеттік аудит тек сәйкессіздікті және оны белгілеп қоймай, тиімділіктің жоғары қайтарымдылығымен мемлекеттік қаржылық ресурстарды басқаруды, резервтер мен потенциалды пайдалануын анықтайды.

Мемлекеттік аудит сонымен қатар қаржылық ресурстарды басқару бойынша мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметтерінің сапасын бағалайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау туралы» Заңын жүзеге асыруда республикалық бюджетті орындауды бақылау бойынша тек Есеп комитетімен жүргізілген реформа шеңберінде 24 нормативтік құқықтық актілер қабылданды, 2016 жыл мен 2021 жыл аралығында тағы да 30 астам құжаттарды өңдеу жоспарлануда. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау мекемелерінің қызметкерлерінің арнайы білімдерін дәлелдеуді қарастыратын мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға үміт ететін тұлғаларға сертификациялау процедурасы жүргізіледі, сонымен қатар мемлекеттік аудиторларды сертификациялау бойынша Ұлттық комиссиямен сұхбаттасу жүргізіледі [13].

Тек ағымдағы жылдың тамыз қыркүйек айларында Ұлттық комиссия мүшелері Есеп комитетінің, облыстық ревизиялық комиссияның, Астана және Алматы қалалары бойынша, Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитетінің, және мемлекеттік мекеменің ішкі аудитінің қызметкерлерінің 345 қызметкерлерімен сұхбаттасу жүргізді. Мемлекеттік аудитордың біліктілігі комиссиясының жұмысының қорытындысы бойынша 307 кандидат өтіп, 38 қабылданбады [14].

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы №264 «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бірқатар мәселелері туралы» қаулысымен Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау Комитетінің тұжырымдамасын жүзеге асыруды жалғастыруға Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит Комитеті қайта құрылды [15].

Осыған байланысты, мемлекеттік қаржылық бақылауды реформалау үрдісін түйіндей келе ерекше атап кетсек, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе мемлекеттік аудитті енгізу қазіргі мемлекеттік қаржылық бақылауды жою деп түсінбеу керек, мемлекеттік аудит жүйесінің үйлесімді кіруі ретінде түсіну қажет.

Қорытынды. Тұтас алғанда, мемлекеттік аудит Қазақстан үшін тек қаржы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдарды берумен бірге, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын аудит объектілері қызметінің тиімділігінің тұтас және тәуелсіз бағалауы ретінде көрінеді.

Осы Тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңімен реформалауды және мемлекеттік аудитті, одан әрі оның функционалдық бағыттарын кеңейте отырып енгізу пайымы мен негізгі тәсілдерін анықтайды. Бұл ретте мемлекеттік қаржылық бақылау функциялары аудиттелетін объектінің қызметінде салдарларын жою мен жауапкершілікке тартуды талап ететін заңнама бұзушылықтары анықталған кезде іске асырылатын болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бюджетный кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года № 95-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2017г.) [Электрон. ресурс]. – 2008. – URL: <http://adilet.zan.kz> (дата обращения: 16.09.2017)
- 2 Рабочие материалы Счетного комитета за 2017 год [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <http://esep.kz/rus> (дата обращения: 08.10.2017)
- 3 Назарбаев Н. А. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: <http://www.akorda.kz> (дата обращения: 05.11.2017)
- 4 Шевчук О. А. Государственный аудит в системе финансового контроля // Финансовый контроль. – 2013. – № 20 (548). – с. 56-64.
- 5 Официальный сайт Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: <http://esep.kz/rus> (дата обращения: 05.11.2017)
- 6 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан Министерства юстиции Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus> (дата обращения: 16.11.2017)
- 7 Гидирим В. А. Основы Международного Корпоративного Налогообложения. – М.: Человек слова, 2017. – 714 с.
- 8 Официальный сайт Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: www.kgd.gov.kz (дата обращения: 16.12.2017)
- 9 Налоговый кодекс РК по состоянию на 01.01.2017г. [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/K080000099_ (дата обращения: 14.11.2017)
- 10 Пенчук А. В. Государственный финансовый контроль в Российской Федерации и направления его совершенствования // Концепт. – 2014. – № 7. – С. 21-25.
- 11 Зудилин А. П., Ахмедов Ф. Н. Финансовый контроль: учебное пособие. – М.: Изд-во Российского университета дружбы народов, 2010. – 124 с.
- 12 Концепция внедрения государственного аудита в Республике Казахстан. – Астана, 2017.
- 13 Якобсон Л. И. Государственный сектор экономики. – М.: ВШЭ, 2010.
- 14 Афанасьев М. П. Государственный финансовый контроль (материалы к лекциям). – М.: ВШЭ, 2011.
- 15 Сборник Международные стандарты аудита. – М., 2016.

References

- 1 "Byudzhetniy kodeks Respubliki Kazakhstan ot 4 dekabrya 2008 goda № 95-IV (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 2017g.)" (2008), available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed September, 16, 2017) (In Russian)
- 2 "Rabochie materialy Schetnogo komiteta za 2017 god" (2017), available at: <http://esep.kz/rus> (Accessed October, 08, 2017) (In Russian)

- 3 Nazarbaev N.A. (2012), "Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan – Lidera Natsii Narodu Kazakhstan. Strategiya "Kazakhstan-2050" Novyi politicheskii kurs sostoyavshegosya gosudarstva" (2012), available at: <http://www.akorda.kz> (Accessed November, 05, 2017) (In Russian)
- 4 Shevchuk O.A. (2013), "Gosudarstvennyi audit v sisteme finansovogo kontrolya", *Finansovyi kontrol'*, Vol. 20 No. 548, pp. 56-64. (In Russian)
- 5 "Ofitsial'nyi sait Schetnogo komiteta po kontrolyu za ispolneniem respublikanskogo byudzheta" (2012), available at: <http://esep.kz/rus> (Accessed November, 05, 2017) (In Russian)
- 6 "Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan Ministerstva yustitsii Respubliki Kazakhstan" (2012), available at: <http://adilet.zan.kz/rus> (Accessed November, 16, 2017) (In Russian)
- 7 Gidirim B.A. (2017), *Osnovy Mezhdunarodnogo Korporativnogo Nalogooblozheniya*, Chelovek slova, Moscow. (In Russian)
- 8 "Ofitsial'nyi sait Komiteta gosudarstvennykh dokhodov Ministerstva finansov Respubliki Kazakhstan" (2017), available at: www.kgd.gov.kz (Accessed December, 16, 2017) (In Russian)
- 9 "Nalogovyi kodeks RK po sostoyaniyu na 01.01.2017g." (2017), available at: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/K080000099_ (Accessed November, 14, 2017) (In Russian)
- 10 Penchuk A.V. (2014), "Gosudarstvennyi finansovyi kontrol' v Rossiiskoi Federatsii i napravleniya ego sovershenstvovaniya", *Kontsept*, Vol. 7, pp. 21-25. (In Russian)
- 11 Zudilin A.P., Akhmedov F.N. (2010), *Finansovyi kontrol'*, Izd-vo Rossiiskogo universiteta druzhby narodov, Moscow. (In Russian)
- 12 *Kontseptsia vnedreniya gosudarstvennogo audita v Respublike Kazakhstan* (2017), Astana. (In Russian)
- 13 Yakobson L.I. (2010), *Gosudarstvennyi sektor ekonomiki*, VShE, Moscow. (In Russian)
- 14 Afanas'ev M.P. (2011), *Gosudarstvennyi finansovyi kontrol' (materialy k lektsiyam)*, VShE, Moscow. (In Russian)
- 15 *Sbornik Mezhdunarodnye standarty audita* (2016), Moscow.

Резюме

В этой статье фактические расхождения и классификации государственного финансового контроля на внешнем и внутреннем уровнях не предписаны законом, а контрольная деятельность повторяется, административные нагрузки увеличиваются и их активность снижается.

Түйін

Мақалада мемлекеттік қаржылық бақылаудың сыртқы және ішкі деңгейлердегі іс жүзіндегі сәйкессіздігі мен жіктелуі заңмен белгіленбейді, бақылау іс-әрекеттері қайталанады, әкімшілік ауыртпалықтар артып, олардың қызметі азаяды.

Summary

The article demonstrates the problem with the lack of consecrated, clear differentiation and classification of the same functions and powers on the external and internal levels of state financial control at the legislative level, which leads to duplication of the activities of control bodies, reduction of the efficiency of their operations, increase of the administrative burden on control objects.

*Материал поступил
в редакцию 28.01.2018*